



# EGEMEN QAZAQSTAN

egemen.kz E-mail: info@egemen.kz 8 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ, СЕНБИ №46 (31026) FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтауы

Қымбатты ханымдар!

Баршаңызды Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – сұлулық пен мейірімділіктің символына айналған шуақты мереке.

Халқымыз ежелден анасын ардақтап, қыздарын қадірлей білген. Көптеген аруларымыздың есімі төл тарихымызға алтын әріппен жазылған.

Қазір Қазақстанда әйелдер түрлі кәсіппен айналысып, бизнесте және қоғамдық қызметте зор табысқа жетіп жүр. Олар биік белестерді бағындырып қана қоймай, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Барлық әйелдердің адал еңбегі ең жоғары бағаға лайық. Осы сәтті пайдаланып, Қазақстандағы аналар мен арулардың бәріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Мемлекет әйелдердің құқықтарын қорғауға және барша азаматтың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға әрдайым баса назар аударады.

Жанашырлық, жауапкершілік, жасампаздық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңірген әйелдер қауымы еліміздегі ауқымды өзгерістерді жүзеге асыруға зор үлес қоса береді деп сенемін.

Баршаңызға мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін!

РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы**

2024 жылғы 14 ақпанда Нью-Йоркте жасалған Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 7 наурыз № 168-VIII ҚРЗ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**2024 жылғы 14 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға хаттар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы**

2024 жылғы 14 ақпандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға 2024 жылғы 8 қарашада және 2024 жылғы 11 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған хаттар алмасу нысанындағы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 7 наурыз № 169-VIII ҚРЗ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

#### ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

**М.С. Әбдірайымды «Ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Мұса Сайранбайұлы Әбдірайым «Ерлігі үшін» медалімен наградталсын.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 7 наурыз № 810

ҒИБРАТ

## Ғасырдан ұзақ ғұмыр

Қостанай қаласының ең жасы үлкен тұрғыны Кәрима Әкімжанова биыл 102 жасқа аяқ басты. Әжей бүгінде құрсағынан тараған тоғыз баласынан 19 немере, 25 шөбере сүйіп отыр.

**Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Өсіп-өнген үлкен әулетке батағой болып, елдің тыныштығын, жұрттың тілеуін тілеп отырған кейуана алапат аштықтың беті қайта бастаған 1923 жылдың күзінде дүниеге келген. Әкесі «Балам күздей жомарт, қайырымды болсын» деп азан шақырып, есімін Кәрима деп қойыпты.

«Шамамен 7-8 жастағы шағым. Кішкентай бала болсақ та білеміз, ауылда тігерге тұяқ қалмаған жоқшылық кез. 3-4 жасымда анаман айырылып, әкем содан екінші рет үйленген. Өгейлігін білдірмей бағып-қағып өсірді. Жарықтық, сол шешемнің ай туды, наурыз келді деп қаптың түбін қағып бір түйір бидай тауып алғаны, асықтай ғана құртты езіп,

қазандағы қара суға етсіз жалаң үлкен сүйек салып наурыз көже пісіргені есімде қалыпты. Түске таман қонақтар келді. Әйелдер әндете бастап еді, төрде отырған бір қария әлдекім естіп қойса, басымыз кетеді деп тыйып тастады. Сол ақсақал ұзақ бір хикаяны бастап, оны көпшілік жылап отырып тыңдады. Халқымыз қандай жоқшылық заманда да Наурызды қалқадерінше қарсы алып, жақсы сөз, ізгі тілек арнап отырған», дейді кейуана.

7 >



Суретті түсіргендер – А. ДУСЕНБЕК, Е. УКИМОВ

## Аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмір сүреді

Мемлекет басшысының қатысуымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған марапаттау рәсімі өтті. Президент салтанатты іс-шараға жиналған барша қауымды көктем мерекесімен шын жүректен құттықтап, әлемге сүйіспеншілікпен қарайтын, жан-жағына жақсылық шарапатын сыйлап жүретін әйелдер қауымына жылы лебізін жеткізді.

– «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Әйел – шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы. Ана – тіршілік пен берекенің бастауы, адамзат бойындағы бар ізгіліктің қайнар

көзі. Ананың аялы алақаны мен шексіз мейірімі әр үйге жылылық береді. Салт-дәстүріміз бен ана тіліміздің бүгінгі күнге жетуі де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмірдің мәні де, тіршіліктің сәні де – сіздер! Сондықтан бүгінгі мейрамда

барша ер-азаматтар өздеріңізге ақ тілегін арнап, ықылас-ілттипатын білдіріп жатыр. Солардың ішінде мен де Мемлекет басшысы ретінде әйелдерге тілегімді, лебізімді айтып тұрмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар аз емес екенін алға тартып, олардың есімі ел шежіресіне алтын әріппен жазылғанын айтты.

2 >



Сурет «Egemen Qazaqstan» архивінен алынды

## Шаңырақтың шуағы

Ана... Жер бетінде осыдан қадірлі, осыдан асқақ та әсем сөз кездесер ме екен? Дүниеге келген сәбиін өбектеп, бар ғұмырын перзентіне арнайтын асыл жанның орны қашанда бөлек. Ақыл алыбы Лев Толстой қажыған мезетінде: «Сенен өзге жанашырым жоқ екен ғой, анашым!» деп егілген екен. Кейде тас тірліктің тұтқасынан көңіл самарқау тартқанда, ең алдымен, есіңе анаң түседі. Аналық мейірім оты кеудеде қоздап жанып өмірге қайта келгендей түлейтініміз бар. Өйткені Ана – жүректің қозғаушы күші, теңдесі жоқ құдірет өзегі!.. Біз рухани түлеген сайын сол құдіретке жақындай түсеміз...

СҮЙІНШІ!

## Әбиба – Гран-при чемпионы!

Дзюдо шебері Әбиба Әбужақынова Аустрияда өтпін жатқан Гран-при жарысында чемпион атанды. Қазақстан дзюдо федерациясы баспасөз қызметінің хабарлауына, ол финалда жапониялық Сачи Эшиномен белдесіп, айқын басымдықпен жеңіске жетті.



**Алмас МАНАП,**  
«Egemen Qazaqstan»

Әйелдер арасында 48 килоға дейінгі салмақ дәрежесінде

Херсесті (Нидерланд) ұтты.

Бұл – Әбиба Әбужақынованың жаңа маусымдағы алғашқы жарысы әрі алғашқы алтыны. Бұған дейін ол Үлкен дулыға турнирінің 4 дүркін қола жүлдегері, 2023 жылы Португалияда өткен Гран-при жарысында топ жарған болатын. Сонымен қатар жерлесіміз бұған дейін әлем чемпионаты мен Азия ойындарынан қола жүлде олжалаған еді. Қоржынында құрлық додасының күмісі мен қола медалі де бар.

Аустрияда дзюдодан өтіп жатқан Гран-при кезеңіне әлемнің 52 елінен 416 балуан қатысып жатыр.